



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

ӘОЖ 82.512.122.06

ШАҒЫН ПРОЗА ЖАНРЫ. М.МАҒАУИН ӘНГІМЕЛЕРІ.

Қасымхан Феруза

Feya-feruza_07@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс студенті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі – Р.Тұрысбек

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы шағын проза жанрының көп зерттелген, дамыған түрі - әңгіме жанры. Әдетте бұл теримнді «Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде, әдетте, бас- аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады» деп түсіндіріп жүрміз [1, 89]. Дегенмен, жоғарыда көрсетілген анықтама әңгіме жанрының толық сыр-сипатын аша алмайды. Бұл жөнінде Зейнолла Қабдолов: «Әңгіменің сыр-сипаты біржола кесіп-пішуге келмейді, бірыңғай анықтама шеңберіне сыймайды» дейді. [2, 296] Яғни, әңгіме – жанрлық табиғаты жағынан құбылмалы, қиын жанр десекте, әңгіменің негізгі белгілері: жинақылық, оқиға бірлігі мен шағын көлем. «Көлем дегенде, мәселе әңгіме жазылған парақ санына емес, қаламгердің бейнелеу тәсілдеріне қатысты. Қаламгер әңгіме жазу барысында бейнелеу құралдарының ең ықшам түрлерін үнемді қолдануға ұмтылады» деген пікір өте орынды [3, 231].

Әңгіме жанры «жазушыдан өмірді терең білумен қатар, шұрайлы сөз байлығын, жіті байқағыштықты, асқан талғампаздықты, тілдегі тамаша суреттілікті, кемел идеяға апарар терең білім мен биік мәдениетті талап етеді» [2, 297].

Жоғарыда аталған шарттарды орынды қолданып, әңгіме жанрында тың, соны дүниелер тудырып, «қаламы тиген жерді өмірдің өзіне айналдырар нағыз шеберлігімен» ерекшеленіп жүрген белгілі жазушы - Мұхтар Мағауин.

Мұхтар Мағауинның шығармашылық жолы көркем әңгімеден бастау алады. Жазушы 1960 жылдарды өзінің тырнақ алды туындылары: «Бір уыс бидай», «Бір қадақ бидай», «Тіленші», «Әйел махаббаты» т.б. көптеген әңгімелерін жазады.

«Бір уыс бидай» қазаққа зор қасірет әкелген 1932 жылғы аштықтың бір үзік көрінісі. М. Мағауин бұл әңгіме жайында өзі: «кезінде көңілім толыққырамады – себеп, салдар т.б. жағдаяттар қамтылмаған деп білсем керек. Толық қамту үшін осы тақырыпта үлкініді-кішілі тағы қаншама шығарма жазылуы керек. Бірақ біз жазбадық, жарияға жол таппасы анық еді» - дейді [4].

Жазушының аталмыш әңгімесі және «Қобыз сарыны», «Тіленші» туындыларын Жанат Елшібек «Мағауинның ерлігі» деп атап көрсетеді. Мұхтар Мағауинның ерлігімен қатар заманымыздың заңғар жазушысы екендігін көрсететін көптеген шығармалары бар. Атап айтсақ, жазушының өзі айтқанындай өз уақытында «жарияға жол таба алмаған» кейінірек жарық көрген әңгімелері көп. Бұл жөнінде ф.ғ.д. , профессор Тұрсын Жұртбай «Мәселе, ол шығармалардың жүз жылдан кейін жазылып, жазылмауында емес. Ең басты мәселе – жазылып қалғанында және қайталанбастай иіріммен тоғыс тапқанында. Өйткені, дәл осындай, яғни, тәуелсіздік тұсында рухани бодандықты басынан кешірген Мұхтар Мағауин сезінген сезімдерді тағы бір қаламгердің қайтадан сезіне алуы неғайбыл»[5].

«Құмырсқа-қырғын» әңгімесі туралы: «Егер бұл әңгіме кеңес кезінде жазылса онда Мұхтар Мағауин тірі классик емес, нағыз алашшыл-ұлтшыл, буржуазияшыл диссидент атанар еді. Қазір тақырыпқа еркіндік жасалды. Әңгіменің астарындағы шындық – публицистикада ашық айтылып жүргендіктен бе, әдеби сын мылқау тылсымдықты сақтады. Оның үстіне авторы бас асауы басылмаған, сырбаздығы мен сыншыл ойы тең өрілген, өзіне-

өзі және келер оқырманның жоғары бағасына қатты сенетін, мақтағанының өзінде бір сөзіңнен ши шықса жазғаның үшін өкінетіндей ғып жазғыратын, шамшыл да шыншыл Мұхтар Мағауин. Сондықтан да әдеби сыншылар сырттай ықтап, марғаулық танытқан сияқты. Егерде Әбіш Кекілбай мен Шерхан Мұртаза жазса, сөзсіз дана дер едік. Оған мен декосыларедім.

Әттең, «Құмырсқа-қырғынның» астарын ешкім әлі де пайымдай алмай жатыр-ау! Оның ішінде дәл қазірдің өзінде ешкім айта алмайтын, екінші бір емеурінді тұспал жатыр. Ол – Ананың өзі! Аты аталмайды. Бірақ әңгімені оқығанда ол кейіпкер ретінде елес береді. Ол бейне, жылдар өткен соң, лакмус қағазының түсі сияқты астарлана шығады. Сонда: «Мұхтар Мағауин шындықты зарлатып отырып, запыранын сорғалатып отырып жазыпты. Біз білмеппіз ғой! – дейтіні анық. Мұндағы кейіпкердің мені – жазушының өзі. Егер құмырсқаның өзін жазса қазіргі оқырманның оған өресі жетпейді, оқымайды. Құмырсқаның іні де, илеуі де жоқ, яғни, жер сатылып кеткен. Ертеңгі өмір, жер жегісі, түптің түбінде жүйкеңді жейтін болады!» – деп пікір түйіндейміз.

«Қуыршақ» – Мағауиннің жазушылығын ертеректегі жазған туындысы «Әйел махаббатымен» байланыстыратын (мұны «Еркек махаббаты» деп атаса да болатын) жастық кешуі туралы хикая. Ең сәтті әңгіменің бірі. Баяндау мәнері де, құрылымы да, сюжеттің дамуы да кәдімгі классикалық үлгіде құрылған. Алайда, мұндағы кейіпкердің «мені» жазушының (баяндаушының емес) «менімен» астасып кетеді. Автор кей кезде кейіпкердің орнын алмастырып кетеді. Баяндауы бір желінің бойына тартылған, ширақ. Оқығаннан өзіне тарта жөнеледі, кей тұста автордың толғауымен алмаса ұласады. Мұның барлығы болған оқиғаға, әсіресе, соңғы шешімге оқырманды сендіру үшін жасалған әдеби тәсіл. Мұндай ішкі қуат пен шынайылыққа алпыстан асқан жаста жету – ұлы ішкі қуатты қажет етеді».

«Ең үздік оқушыдағы» немере де, немеренің романы да, оны тыңдап, пікір айтқан ата да данышпан. Мұны әдеби тәсіл деп те, жазушының жан сыры деп те, тіпті, кішкентай ғана авантюристік әдеби тюрк деп те қабылдауға болады. Қылауы мен қисыны жарасқан, сақа жазушының өзін сескендіретін, бала психологиясының логикалық тосын шешімі арқылы оқыс ойға қалдыратын шағын да шақпа туынды. Өйткені, сарабдал сыншының өзін шіміркендіріп, «немересінің романын жан-жақты талқылауды кейінге қалдыруы» талай тұспалды аңғартады. Оқырманның шешуіне қалдырылған тұспал бойынша: не лирикалық қаһарман қайтып қолына қалам алмайды, не немересі тұспалдаған шындықты жазу ғана қалады. Мүмкін немересі де қайтып қалам ұстамауы мүмкін. Онда бұл ата өмірінің трагедиямен аяқталатыны анық. Ал немере жазушы осы бетімен өнерін өрістетсе берсе, онда... әлгі романды үлгі тұтқан мұғалиманың керін әрбір қазақ кешеді деген сөз».

Солай болғаны дұрыс-ау! Бірақ қазақ ұлтының күні не болмақ. Шағын, ойнақы әңгіменің астарында ұлттық трагедия жатыр. Ал «Қос Ағашта» бүкіл дала философиясының тамырының үзілуі мен қазақтың тағдыры тұспалданған. Мұнда лирика да, сыншыл сезім де, емеурін де бар. Кешегі даланың көркі болған. Бәйтеректер қайда? Енді мынау сайын даланың салқын самалымен саясында сусындататын қос бұтақты алып Қос ағаштар қайда? Марқасқа Мағауиялар қайда? Олардың басын жай ойнатқан кім? О, Қос ағаш! Сен қазақ хандығының құрылғанына куә болмап па едің! Дала мен бабаның рухы емес пе едің! Тасқын шайған, су орған арса-арсасы шыққан өзен жағасында сояудай сойдиып тұрған қалқа жоқ. Бақанастың бойындағы шыбықтар мен суға түскен бүгінгі балаларды кім саясына алады? Хандығының нысанасы, ер бабалардың рухы мынау еді деп көрсететін тұқыл да қалмаған. Бұл әңгімеде аспан мен дала, ата мен бала, арман мен өмір арасын байланыстырған ұлы аңсар бар. Ол аңсар жазушының ішкі аңсарымен астасқанда мәңгілік ел туралы сарынға айналып кетеді. Қос ағаш – қос өмір, қос тағдыр, қос әлем, қос қоғам. Қос ағаш – фәни мен бақидың арасындағы ұлы сарынды тамыр. Ол – өмір ағашы, көне түркіше Мықан ағашы. Ол – тамыры көкке, жапырағы жерге қараған жазмыш ағашы. Әңгімені оқығанда осындай ассоциациялық коллизиялар ойынды қармап алады».

Бұлардан басқа да көрінеу көзге айтарлықтай қауіп төндіріп тұрған мәселелерді әшкерелейтін бірнеше әңгімесі бар. Соның бірі – «Архив хикаясы». Жазушының аталмыш

шығармасы филология, оның ішінде қазақ әдебиеттану ғылымындағы трагедияға ара түскен тәрізді. Себебі, шынымен де ғылымда Сембек, Сәмет ақсақал сынды адамдар кездеседі. Олардың білімдеріне, ізденістеріне ешқандай дау айту мүмкін емес. Дегенмен, олардың істерінде қостай алмайсың, тіпті діңкең құриды. Расында, олар ғалым емес, қылмыскермен тең.

«— Сембек, — дедім. — Мен сені түсінем. Бірақ сен бір нәрсені ұқпайсың. Осының бәрі не үшін? Мақсат не? Тоқсан мың жылқы айдап, бір бүтін шапан кимеген Қарабайдан қанша айырмаң бар? Қарабайды кешіруге болады. Өз малы. Ал сенің шкафқа тығып отырған дүниелерің кімнің малы? Сыртқа, жарық әлемге шығармай ұстап отыруға хақың бар ма? Қазақ атаңның қазынасы. Ал сен — алтын қақпаға қара құлып салған қылмыскерсің. Өйткені ғылым — филателия емес. » [6. 81]. Жазушы бұл шығармада өз ойын ашық білдірген.

Қорытындылай келе, шағын прозаның қиын, құбылмалы түрі әңгіме жанры — жазушылар қауымы үшін үлкен шеберлік мектебі. Ал Мұхтар Мағауинның әңгімелері — тақырыбымен де, идеясымен де биік, оқшау тұрған қазақ халқының рухани байлығы.

Қолданылған әдебиет

1. Б.Кенжебайұлы — 5 томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы, 2010 жыл
2. З.Қабдолов — Сөз өнері. Алматы, 1992 жыл
3. М.Мағауин — 10 томдық шығармалар жинағы. I-II том.
4. Ж. Елшібек — Сырлы әлем: Алматы, Ана тілі. 2012 — 320бет

УДК 398.1:2-264 (38)

МИФЫ ДРЕВНЕЙ ГРЕЦИИ. ВЧЕРА, СЕГОДНЯ, ЗАВТРА.

Маратова Жамал

Zhibeka_m07@mail.ru

Студентка первого курса Евразийского национального университета

им. Л.Н.Гумилева

Специальность — русская филология.

Научный руководитель — К.Р.Нургали, д.ф.н., профессор русской филологии.

Древняя Греция (Эллада) - общее название территории древнегреческих государств на юге Балканского полуострова, островах Эгейского моря, побережье Фракии, по западной береговой полосе материка Азии. Этнический состав Греции в III тысячелетии до н. э. пестр: пеласги, лелеги и другие, которых оттеснили и ассимилировали протогреческие племена ахейцы, ионийцы. Первые государства ахейцев (Кнос, Фест, Микены, Тиринф, Пилос и др.) образовались в начале II тысячелетия, в эпоху бронзы. Вторжение дорийцев (ок. 1200 г. до н. э.) повлекло распад государств и оживление родовых отношений.

Тем не менее, культура Древней Греции оставила огромный след в истории всех народов мира. В частности, благодаря своей сложной по структуре мифологии, отрывки из которой мы можем видеть в любой отрасли развития нашего современного общества. В картинах великих художников мы можем встретить яркие мифологические образы, модель правительства многих государств была построена по примеру правительства Древней Греции и пантеона богов, не говоря уже о многочисленных терминах, перенятых из их языка. И главной особенностью этого величайшего вклада стала мифология, ставшая каноном всех литературных произведений всех времен и народов.

Начиная со средней школы, в нашем образовании принято изучать произведения того времени. К наиболее значимым из них относятся такие произведения, как «Илиада» и «Одиссея» Гомера. Конечно же, нельзя не отметить замечательный сборник мифов Николая Куна «Мифы и легенды Древней Греции», который стал основой для наших познаний. Но